

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

## БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Алматы қаласы

2016 жылдың 11 қазаны

### **KASE жаңартылған бренд ұсынды**

2016 жылдың 11 қазанында өткен баспасөз конференциясында KASE 2016 жылдың 9 айындағы жұмысын қорытындылады және 2016-2018 жылдарға арналған даму Стратегиясы мен жаңартылған бренспен таныстырды.

Бүгінгі таңда KASE ТМД елдерінің ішіндегі жетекші әмбебап биржалардың бірі болып табылады. KASE Биржалық құрылымы қаржы құралдарының түрлеріне арналған бірнеше алаңнан тұрады. Биржаның тұрақты клиенттік базасы қалыптасқан, MSCI және S&P сияқты жахандық классификатор KASE нарығын Frontier market тобына жатқызды.

KASE стратегиясына маркетингтік белсенділік, ашық ақпараттық саясат және инвесторлар мен эмитенттердің бағалы қағаздарға ерекше қызығушылығымен қоса, техникалық жаңартуға бағытталған міндеттер кіреді. Осылардың барлығы биржалық нарықтың көлемі мен өтімділігінің өсуіне, қазақстандық экономика субъектілерін қаржыландыру үшін оның тартымдылығын арттыруға ықпал етеді.

Стратегияға сәйкес негізгі міндеттердің бірі - KASE клиенттерін арттыру және оның беделін жақсарту болып табылады. Осы міндетті жүзеге асыру аясында KASE ребрендингті өткізді, яғни KASE бренді жаңартылды.

Биржаның алдыңғы брендінің 20 жылдан астам тарихы бар. Осы брендтің аясында Қазақстанның қаржы нарығы инфрақұрылымының негізгі элементтерінің бірі болып табылатын Қазақстанның биржалық нарығы қалыптастырылды. Биржаның дамуы және Стратегия аясындағы қойылған міндеттер брендтің жаңару қажеттілігін туғызды.

"Жаңартылған бренд Биржаның жинақтаған тәжірибесінің сабақтастығын және жоғары кәсіби деңгейін көрсетеді. Жаңа брендтің көрнекілігі инновациялық айқындылықты, қарқындылықты және технологиялық дамуға деген талпынысын бейнелейді", - деп атап өтті KASE Басқармасының Төрағасы Алина Алдамберген.

Жаңартылған брендті қолдау үшін бірқатар іс-шаралар жоспарланған, оның ішінде Биржаның интернет-сайтын жаңғырту ісі.

KASE командасы жаңа стратегияны орындауға кірісіп кетті. Барлық жоспарланған іс-шаралар Биржаның қызметін, құндылықтарын және корпоративтік мәдениетін бейнелейтін белгісі болып қалыптасуы тиіс жаңа брендтің аясында өтетін болады.

### **Анықтама үшін**

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) қаржы нарығында қызмет атқаратын, Орта Азия аймағындағы жетекші және Қазақстандағы жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығы құралдары, шет елдік валюта, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар нарығындағы, халықаралық қаржы институттары, сондай-ақ туынды құралдар облигациялары үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады.

KASE Халықаралық федерациялар биржасының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржасы Федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі. KASE 2015 жылы БҰҰ "Қор нарығы тұрақты даму үшін" атты бастамасына қосылды. KASE ТМД елдерінің арасында бағалы қағаздармен сауда-саттық бойынша 2 орынға ие болды, сондай-ақ FEAS биржаларының акциялар нарығын қаржыландыру бойынша бестікке кірді.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)